

**ЖШС жеке «Ақниет+» бөбекжай-балабақшасы»
№1 педагогикалық кеңесімен
бекітілді
«29» тамыз 2025 жыл**



**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласы білім беру бөлімінің
«Ақниет+» бөбекжай-балабақшасы» 2025-2026 оқу жылына арналған
оқу- тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

I. «Ақниет+» жеке бөбекжай-бақшасы туралы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің ЖШС «Ақниет+» жеке бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Білім беру ұйымының орналасқан заңды мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Асан қайғы көшесі 8;

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Электрондық адресі: aknietplus@bk.ru

Телефон- 84749857466

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Абдрахманова Гулжанар Садыковна- «Ақниет+» жеке бөбекжай-бақшасының құрылтайшысының 02.09.2025ж №10 бұйрығы негізінде тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің қызметті басталғаны туралы хабарлама № KZ41RVK00041653 «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу бөлімі берген берілген күні 29.04.2022 ж.

Рұқсат беру құжаттары, Бөбекжайдың Жарғысы:

Бөбекжайдың Жарғысы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 02.09.2025 жылғы №16 бұйрығымен бекітіліп, Орал қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімінде тіркелген. Бизнес сәйкестендіру нөмері 220640051279.

Бөбекжай өз жұмысын "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңын және ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын және басқада негізгі деректі құжаттарды басшылыққа алады. Бөбекжайда тәрбие-оқу үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшелікеріне сәйкес 3 топ. Жобалық қуаттылығы 66 орындық.

Балаларды тәрбиелеу-оқыту бағытында, топтарда ұлттық бұрыш және дәліздегі дамытушы аймағы) педагог- психолог, қазақ тілі маманы, музыка, дене шынықтыру жетекшілері және жоба бойынша тәрбиешілер тәрбиеленушілермен жұмыстанады. Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекеттерді мұғалімдер де өткізеді.

2025-2026 оқу жылының басында бөбекжайда барлығы 11 педагог кадрды құрады. Олардың құрамы: 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 1 педагог-психолог, 1 қазақ тілі, 1 саз жетекшісі, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы, 6 тәрбиеші.

Жоғары білімді-9 (81%) педагог, арнаулы орта білімді-2 (19%) педагог. Педагог-зерттеуші-3(27%), педагог-сарапшы-3 (27%), педагог-модератор-4(36%), педагог-1(10%).

Бөбекжайда: әдіскер, медицина кабинеттері жабдықталған.

I.2024-2025 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына талдау.

2024 - 2025 оқу жылында жас ерекшелігіне қарай Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды:

Ерте жас тобы –0 (1 жастағы балалар) жоқ.

Кіші топтар-1(2 жастағы балалар) «Ақбота»,

Ортаңғы топтар-1 (3 жастағы балалар) «Ақкөгершін»

Ересек топтар-1 (4 жастағы балалар) «Ақшағала»

топтары жасақталды. Бөбекжайда оқу жылында 66 бала тәрбиеленді.

«Ақниет+» бөбекжай ұжымы оқу жылында жоспарланған мақсат, міндеттерді орындау мақсатында жұмыстанды:

1. Ойын технологиялары мен дамытушы орта арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қабілеттерін дамыту.
2. Жаңа модельді МДҰ қалыптасыру аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауы мен шығармашылық қиялын қалыптастыру. Білім беру үдерісін цифрландыру арқылы балабақша бейнесін оңтайландыру.

Оқу жылында мақсат, міндеттерді іске асыруда облыстық тәжірибелік алаң жұмыс жоспарына және біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілді ҚР МЖМБС және ҚР БЖҒМ 12.08.2016 ж №499 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жұмыстанды. Балабақша ішілік семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ертеңгіліктер, көрмелер, ашық есік күндері т.б. іс-шаралар өткізілді.

Дағдылар	Нәтижелерді қорытындылау
«Физикалық қасиеттерді дамыту» -дене тәрбиесі	Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту және шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығын, жарақат алуын кеміту бағытында жасалған жағдай жағымды жетістіктерге жеткізді. Жыл бойы бала денсаулығын нығайту шынықтыру-сауықтыру және ұйымдастыру жұмыстары атқарылды: - таза ауада қабылдау, - күнделікті серуендер - ертеңгілік жаттығулар - қимылды ойындар - дене тәрбиесі іс-әрекеттері - спорттық шаралар. «Салауатты ұлт» отбасылық спорттық сайыс, «Бестемше» тақырыбында бөбекжайішілік семинар-практикум; «Ұлттық ойындарды бөбекжайда пайдаланудың маңыздылығы» педагогтерге арналған кеңес; «Спорт-өмір серігі», «Денсаулық-зор байлық», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Көңілді старт», «Салауаттылық –саулық кепілі», «Көңілді қыс», «Ханталапай», «Ұлттық ойын ұлтымыздың құнды

	мұрасы», т.б дене шынықтыру ойын сауықтары өткізілді. «Ойын түрлері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін арттыру» тақырыбында №2 педагогикалық кеңес өткізілді.
Коммуникативтік дағдылар -сөйлеуді дамыту; -көркем әдебиет; -сауат ашу негіздері; -қазақ тілі.	Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру; ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету мақсатында шаралар ұйымдастырылды:
	-ертеңгіліктер; -ұйымдастырылған іс-әрекет; -ертегі қойылымдары; -өлең, тақпақтар, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер жаттау; -мәнерлеп оқу сайыстары. «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» тақырыбында №4 педагогикалық кеңес өткізілді. «Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген біртұтас тәрбие бағдар қалыптастыру» іске асыру шаралары жүргізілді. Атап айтқанда, аптаның әр дүйсенбісінде ҚР гимнін орындау, күнделікті ата-аналармен «Өнегелі 15 минут» жүргізілді. Қазақ тілі апталығы «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» тақырыбы ұйымдастырылды. Ересек топ тәрбиеленушілерімен мәнерлеп оқу сайысы, «Әжем айтқан ертегі» атты «Тағылым» әжелер мектебінің қатысуымен ертегі тыңдау шарасы ұйымдастырылды. «Ертегілер еліне саяхат» әр топ ертегі қойылымдарын сахналады. «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық ойын (жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш) өткізілсе, «Мен елімді жырлаймын» педагогтермен мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сонымен қатар апталықтың жабылуында «Ой және ойын» педагогтермен тембелдинг өткізілді. Қазақ тілі мамандары «Мобильді кітапхана» бұрышы жасақтап, балаларға жаңа ертегілер таныстырылды.
Танымдық және зияткерлік дағдылар -математика негіздері	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес математикалық, логикалық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Балалардың ойлау, салыстыру, талдау, қорытынды жасау және мәселені шешу дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай жасалды. Жыл бойы танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілді:

	математика негіздері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер; логикалық ойындар мен жаттығулар; дидактикалық ойындар; танымдық тапсырмалар; зерттеу және тәжірибе жұмыстары; кұрастыру және модельдеу әрекеттері. Балалардың сандық ұғымдарды меңгеруі, заттарды салыстыруы, кеңістікті бағдарлауы және геометриялық пішіндерді ажыратуы бойынша жұмыстар жүргізілді. «Қызықты математика», «Ойнай отырып ойлаймыз», «Логика әлеміне саяхат», «Зерек бала», «Тапқырлар сайысы», «Ғажайып пішіндер», «Санамақтар сыры», «Ойлан, тап!», «Білімпаздар бәйгесі» тақырыптарында танымдық ойындар мен іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында «Ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту», «Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді әдістері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту жолдары» тақырыптарында кеңестер, семинарлар және тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығы артып, математикалық түсініктері мен зияткерлік дағдылары нығайды, логикалық ойлау, талдау және қорытынды жасау қабілеттері дамыды.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті - суретсалу; - мүсіндеу; - жапсыру; - құрастыру - музыка.	Эстетикалық талғамын қалыптастыру, мәдени шығармашылық қиялдарын дамыту және балалардың ойлау әрекеттерін тудыру мақсатында: -ертеңгіліктер; -көрме; -шығармашылық сайыс өткізілді.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар -қоршаған ортамен таныстыру	Әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әр-түрлі шаралар ұйымдастырылды. Ұлттық және басқа халықтардың салт-дәстүрін білуге, құрметтеуге көңіл бөлінді. «Қазақстан – достық елі!» мерекелік фестивалі, «Жыл басы – Наурыз келді!», «Мәңгілік жаса, менің Қазақстаным», «Күз береке, молшылық», «Анамызға арнаймыз» ертеңгіліктер, «Балабақша -болашаққа бастар жол», «Тілдер мерекесі», «Отанымызды қорғаймыз», «Тәуелсіз елім – Қазақстан!» тақырыптық шаралар өткізілді. «Мен әдепті баламын», «Көңілді сылдырмақ», «Біздің досымыз - бағдаршам» жол


	жүру ережесі туралы ойын-сауықтар ұйымдастырылды. Өртүрлі өткізілген шаралардың нәтижесінде балалар топта өзара қарым-қатынас мәдениетін меңгеріп, бір-біріне сыйластық таныта білді. Ойын және ұйымдастырылған іс-әрекеттері барысында эмоцияларын дұрыс білдіру, өз сезімдерін сөзбен жеткізу дағдылары қалыптасты. Топтағы ережелерді сақтап, кезек күту, үлкендерді тындау, жолдастарына көмектесу сияқты әлеуметтік дағдылар нығайды. Балалар бірлескен ойындар мен топтық тапсырмаларда ынтымақтастық танытып, жанжалды жағдайларды тәрбиешінің көмегімен бейбіт шешуге үйренді. Позитивті мінез-құлық әдеттері бекіп, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау байқалды. Жалпы, балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы жас ерекшеліктеріне сай қалыптасып келеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, өз сезімдерін реттеу және өзгелердің эмоцияларын түсіну қабілеттері біртіндеп дамыды.
Педагог кадрлармен жұмыс	2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес семинар-практикумдар, әдістемелік отырыстар, педагогикалық кеңестер ұйымдастырылып педагогтар іс-тәжірибелерімен бөлісті.
Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс	Ерекше білімді қажет ететін балалар жоқ екендігін мәлімдей отырып, педагог-психолог, тәрбиешілер және мамандар бірлесе өз жұмыстары жүргізілді.

Денсаулық пен салауатты өмір салтын қаматамасыз ету

Ас мәзіріне дәрумендерді тағамдарды молырақ қосу қарастырылды. Бөбекжай медбикесі мезгілінде жасалатын алдын –ала екпелердің уақытында орындалуын қадағалап, кесте бойынша әр апта сайын қалалық емханасының балалар педиатры балаларды қарап, тексеріс жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға үй жағдайында аурудың алдын-алу, қауіпсіздік шаралары жөнінде ақыл- кеңестер берілді. Күнделікті өмірде мәдени-гигиеналық шараларды орындау, күннің I және II жартысындағы шынықтыру шаралары, қимылды ойындар, жаттығулар, серуенді ұйымдастыру мақсатты түрде үздіксіз жүргізілді.

Балалардың денсаулық жағдайына талдау.

2024 – 2025 оқу жылы



Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту және шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығын, жарақат алуын кеміту бағытында жасалған жағдай жағымды жетістіктерге жеткізді. Жыл бойы бала денсаулығын нығайту шынықтыру-сауықтыру және ұйымдастыру жұмыстары атқарылды: таза ауада қабылдау, күнделікті серуендер, ертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар, дене шынықтыру іс-әрекеттері, спорттық, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру ойын- сауықтары, денсаулық күні, дене шынықтыру мерекелері. Оқу жылында екі рет күз және көктемде антропометрия (бой, салмақ өлшеу) жүргізілді.

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету дейгейін бақылауда ҚР білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» ұсынған Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары (2023 ж. 5 қаңтар №1 хаттама) басшылыққа алынды.

Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 5 бағытына қарай үш деңгейі болуы қарастырылып, бала жетістіктерінің мониторингі жас ерекшеліктеріне қарай іске асырылды. Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау жүргізіліп, нәтижелері бойынша жиынтық есебі шығарылды.

Тәрбиеленушілердің білім, білік дағдалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейін әр диагностика нәтижесі негізінде бес дағды бойынша бақылау парағы мен жеке даму картасы толтырылып жұмыстанылды. Тәрбиеленушілер стандарт талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу бағдарламасын игерді.

«Еркетай» әртүрлі жас \мектепалды\ тобы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері.

Жиынтық есеп

«Ақ ниет+» жеке бөбекжай- балабақшасының 2024-2025 оқу жылына балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша (қорытынды) бақылау нәтижесі

№	Топтар	Жас ерекшелігі бойынша топтар	Балалар саны	төмен деңгей	орташа деңгей	жоғары деңгей
1	«Ақ бота»	кіші тобы	18	0%	1-6%	17-94%
2	«Ақ көгершін»	ортаңғы тобы	21	0%	2-10%	19-90%
3	«Ақ шағала» әртүрлі жас	ортаңғы тобы	3	0%	0%	3-100%
4	«Ақ шағала» әртүрлі жас	ересек тобы	13	0%	1-8%	12-92%
		Барлығы	55 бала	0%	4-7%	51-93%
				Төмен деңгейдегі балалардың үлесі –0%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі –7%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі –93%

Жас ерекшеліктері бойынша

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту, бағдарламаны меңгерту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттері, жеке түзету жұмыстары, күнделікті іс-әрекетте тапсырмалар, ойындар т.б. жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жылында барлық балаларға жеке даму картасы толтырылып, сол бойынша жеке жұмыстар жүргізілді.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері.

Оқу жылы ішінде балабақша әкімшілігі педагогтердің кәсіби шеберлігін

Арттыру үшін жағдай жасады. 2024–2025 оқу жылында 1 педагог біліктілік санатын көтерді, ал қалғандары 90 пайыз санаттары бар. 2024-2025 оқу жылында педагогтер жоспарлы түрде курстан өтті.

Оқу жылы барысында балабақша педагогтері конкурстарға белсенді қатысты.

МДҰ тәрбиешілері мен мамандарының жұмысындағы проблемаларды анықтау үшін әдістемелік қызмет бақылаудың әртүрлі түрлерін қолданды.

«Күн режимінде сауықтыру іс-шараларын өткізу», «Күн режимінде балалардың қозғалыс белсенділігі», «Тамақтану кезінде балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары»,

«Таңертеңгілік гимнастиканы дайындау, өткізу және оның тиімділігі».

«Тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыру», «Ата-аналармен жұмыс жүйесі»,

«Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Режимді сақтау» бұның бәрі жедел түрде ұйымдастырылып отырды.

Бақылау барлық жас топтарында балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне, жиһазға және ойын жабдықтарына қойылатын талаптар сақталғанын, топтарды безендіру бойынша санитарлық-гигиеналық талаптар сақталатынын, пәндік-дамытушы ортаны ресімдеу педагогикалық тұрғыдан орынды екендігін көрсетті. Сюжеттік-рөлдік ойындар, дидактикалық құралдар, балалар әдебиеті-барлығы балалардың жасына сәйкес таңдалған, ыңғайлы орналасқан, балаларға өз бетінше ойын кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әрбір бақылау түрі үшін әдіскер әр түрлі ақпаратты жинап, талдады, бақылау нәтижелері бойынша анықтама жасалды, ұсыныстар жасалды, кемшіліктерді түзету жолдары анықталды.

Қорытынды және ұсыныстар ретінде: балабақшада сөйлеу дамуы үшін оқу-дидактикалық материалдарды және (Оқу құралдары, альбомдар, плакаттар дидактикалық ойындар, буклеттер мен жаднамалар) жеткілікті мөлшерде жасау және жүйелеу ұсынылды.

Педагогикалық ұжымның жұмысын талдау қорытынды жасауға мүмкіндік береді: мектепке дейінгі мекеме толығымен қызметкерлермен толықтырылған, ұжым тату және үйлесімді, бірыңғай мақсаттармен міндеттерге біріктірілген. Балабақша әкімшілігі ұжымдағы жағымды психологиялық климат жасады. Келешекте педагогтардың біліктілігін арттыру, курстық қайта даярлаудан өту, педагогтарды облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі конкурстарға, конференцияларға қатысуға тарту бойынша жұмысты жалғастыру жоспарлануда.

Тәрбиешілердің ата-аналарымен өзара байланыс

Мерекелік ертеңгіліктер, сауалнамалар, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Баяндамалар: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы», «Балабақшадағы бала тәрбиесіне ата-аналарқалай қатысады». «Жарысқа шық, жанұя» отбасылық сайыс ұйымдастырылды, ата-аналарға арналған ақыл-кеңестер, сауалнамалар, жаднамалар берілді. «Жол жарақаттануларын алдын алу», «ЖРВА алдын алу, профилактика», «Бала және ата-ана», «Бәріне мың алғыс», «Көрісу – жақсылықпен бөлісу» чөлентжі т.б. топтарда жас ерекшелігіне қарай сауалнамалар жүргізілді, төтенше жағдай кезіндегі алғашқы көмек, денсаулық – зор байлық, ас - адамның арқауы тақырыптарында жылжымалы бүктемелер жасалды. «Бала тәрбиесі-ортақ міндетіміз», «Балалардың қауіпсіздігі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күніне орай ұлттық бұйымдар, жаңа жыл, күз сыйы көрмелері, аналар мерекесіне арналған сурет көрмесі, «Менің сүйікті атам мен әжем» тақырыбында отбасылық газеттер шығарылды, «Кішкентай көмекшілер» отбасындағы еңбекіс-әрекеті фото көрмесі өткізілді. «Келіңіз, танысайық», «Кіші жастағы балаларды мәдени -гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу», «Бала дамуындағы саусақ ойындары» тақырыбында кіші топтарға, «Үй және балабақшадағы күн тәртібі», «3-4 жастағы балалардың тілін дамыту», «Бала тілін бірге дамытайық» тақырыбында ортаңғы топтарға, «Бала дамуындағы ойынның маңызы», 4-5 жастағы балалардың шығармашылық дамуы», «Біз не үйрендік?» тақырыбында ересек топтар ересек топтарға, «Мектепке бірге дайындаламыз», «Бөбекжайдағы экологиялық тәрбие», «Сіз мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында мектепалды топтарына топтық жиналыстары және мемлекеттік мерекелерге орай ертеңгіліктер, тақырыптық шаралар өткізілді. Ата-аналар балабақшадағы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмысына көңілдері толады, балалар жақсы көңіл күймен балабақшаға келгісі келеді. Баланың психологиялық - физиологиялық дамуына жағдай жасалған деп есептейді. Ата-аналардың көпшілік бөлігі МдҰ жұмысына қанағаттанады.

Жылдық міндеттерді жоспарлау

«Ақниет+» бөбекжай- балабақшасының ағымдағы жылға алынған міндеттері:

№	Міндеттер сипаты:	Күтілетін нәтиже:
1	<i>Жаңа модельді МДҰ қалыптасыру аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауы мен шығармашылық қиялын қалыптастыру. Білім беру үдерісін цифрландыру арқылы балабақша бейнесін оңтайландыру.</i>	- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық, эмоционалдық қабілеттері дамиды; - тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері артады. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың логикалық ойлауын жетілдіру.
2	<i>Балалардың мәдени-эстетикалық талғамын қалыптастыру, балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын дамытуға жағдай жасау, әр баланың дара қабілетін ашу, қолдау, балабақшада көркем өнер, қолөнер, музыка, би, театр арқылы шығармашылық орта қалыптастыру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық ізденістерін дамыту.</i>	-еңбекке, өнерге деген қызығушылығын арттыру; - балалардың ұлттық құндылықтар мен дәстүрді құрметтеуіне ықпал ету; қоршаған ортаға, достарына шығармашылық тұрғыдан қарауға үйрету. - балалардың қиялын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жүйесін қолдану; әртүрлі көркем әдебиет, бейнелеу, музыка, театр іс-әрекеттерін кіріктіру; - шығармашылық жобалар мен байқаулар ұйымдастыру;

2025-2026 оқу жылында МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_ Қазақстан Республикасында мектепке

дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029

жылдарға арналған тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі коғам жоспарлары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке

дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша

білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323>

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру

ұйымдарын жабдықтар мен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619> Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейне бақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

«Үздік педагог» атағын беру қағидалары.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472>

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>

Педагогтік қайта даярлау қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147>

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары . https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229_

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137>

Өрт қауіпсіздігі қағидалары. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық.

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру.

Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары

№	Педагогтердің аты-жөні	Қызметі	Соңғы өткен жылы	Өтетін жылдары		
				2025 ж	2026	2027
1	Абдрахманова Гулжанар Садыковна	Меңгеруші	2025 ж.			
2	Мухамбеткалиева Гульназ Калиматовна	Әдіскер	2025 ж	+		
3	Иманғалиева Камшат Нурболатовна	Психолог	2024ж	+		
4	Далабаева Назгуль Насипкалиевна	Қазақ тілі маманы	2023ж.			
5	Мухтарова Назерке Сайлаубековна	Музыка жетекшісі	2023ж		+	
6	Дюсенов Гамзат Мадиевич	Дене шынықтыру нұсқаушысы	2025ж			
7	Мухамбеткалиева Гульназ Калиматовна	Тәрбиеші	2025 ж.			
8	Губайдуллина Гульнур Нурболатовна	Тәрбиеші	2025ж			
9	Муратова Айдана Жаксылыковна	Тәрбиеші	2024ж			+
10	Жанболатқызы Нұрайна	Тәрбиеші			+	
11	Нұғманова Гүлшат Саматқызы	Тәрбиеші	2025ж			
12	Утешова Ақерке Болатовна	Тәрбиеші	2025ж			

Педагогтардың біліктілік санатына аттестаттаудан өту жоспары

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Мерзімі
1	Абдрахманова Гулжанар Садыковна	Меңгеруші	Педагог- зерттеуші 2021ж	Зейнеткерлік жас
2	Мухамбеткалиева Гульназ Калиматовна	Әдіскер	Педагог- модератор 2021 ж	2026ж
3	Имангалиева Камшат Нурболатовна	Психолог	Педагог- модератор 2025 ж.	2030ж
4	Далабаева Назгуль Насипкалиевна	Қазақ тілі маманы	Педагог- зерттеуші 2023ж	2028ж
5	Мухтарова Назерке Сайлаубековна	Музыка жетекшісі	Педагог- сарапшы- 2024ж	2029ж
6	Дюсенов Гамзат Мадиевич	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Педагог- сарапшы- 2025ж.	2029ж
7	Мухамбеткалиева Гульназ Калиматовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор- 2025ж	2030 ж
8	Губайдуллина Гульнур Нурболатовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор- 2024ж	2029ж
9	Муратова Айдана Жаксылыковна	Тәрбиеші	Педагог- сарапшы 2024ж	2029ж
10	Каресова Жадра Темирбулатовна	Тәрбиеші	Педагог- сарапшы 2026ж	2026ж
11	Нұғманова Гүлшат Саматқызы	Тәрбиеші	Педагог- сарапшы- 2021ж	2026ж
12	Утешова Ақерке Болатовна	Тәрбиеші	Педагог- модератор- 2021ж	2026ж

1.2.Аттестаттаудан өткізу жұмысының жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастырушылық саты				
1	Ағымдағы оқу жылы жоспары бойынша аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерлердің тізімін жасақтау	Бұйрық, құжаттар жинақтамасымен Аттестатталатын педагогтерді таныстыру. Аттестациядан өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту	тамызға дейін	Бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева
2	АК отырысы, аттестатталушы педагогтардың қатысуымен.	Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі және шарттарымен таныстыру. Аттестатталушы педагогтардың жеке портфолиоларын жасақтау бойынша кеңес беру.	Тамыз	АК, Аттестат талушы педагогтар
3	АК қызметін жоспарлау	АК жұмыс жоспары	Тамыз	Бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева
Аттестаттауды жүргізу және талдау				
1	Аттестатталушы педагогтардың қызметін зерттеу, портфолиосын бағалау.	Жұмыс тәжірибелерінің электрондын ұсқалары, әдістемелік жинақ, көрнекіліктер, портфолиоары	Тамыз	Сараптамалық кеңес мүшелері
2	АК отырысы	Жұмыстарымен ашық оқу іс-әрекеттерін талдау, мінездеме беру, портфолионы қарау, біліктілік санатын беру, растау туралы шешім, бұйрық шығару және куәліктерді беру.	Тамыз	АК төрайымы және мүшелері
3	2025-2026 оқу жылына аттестатталуға өтініш беру	Аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерлердің өтінішін қабылдау.	Мамыр 2026 ж	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Аттестаттаушы педагогтер

II-бөлім: Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс

Педагогикалық кеңестер

Педагогикалық кеңес № 1				
№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман» 1.2024-2025 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыс есебін тыңдау. 2.«Жаңа оқу жылының басталуы» Мақсаты: Педагогикалық процеске барлық қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру, педагогтің шығармашылық ізденісіне тиімді жағдай жасау. ҚР Мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен (ҚР Оқу-ағарту министрлігі 24.06.2025 ж №7 хаттама); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 03.08.2022 жылғы №348 бұйрық (өзгеріс 23.01.2025 жыл №12 бұйрық). Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру. Бекіту: -ҰІӨ кестесі; -топтардың перспективалық жылдық жоспарлары; -жетекшілердің жылдық жоспарлары; -Аттестаттаушы комиссия құрамымен	бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2025-2026 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау. Бекіту Бекіту	тамыз	Бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманов аәдіскер Г.К.Мухамбеткал иева

	таныстыру; -мектеппен сабақтастық жоспарын талқылап, бекіту; -топтардың жобалық жұмыс жоспарларын бекіту; «Адал азамат» бағдарламасын түсіндіру.	Бекіту		
	-«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Аталар мектебі» жұмысын жалғастыру. Тақырыптық бақылаудың қорытындысы. «Тәрбиелеу- білім процесіндегі» құжаттардың дайындығы.	Шешім шығару		Бөбекжай менгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткали ева

Педагогикалық кеңес №2

№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа модельді МДҰ қалыптасыру аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауы мен шығармашылық қиялын қалыптастыру. Балабақшада цифрлық білім беру ортасын құру» №1 педкеңес шешімінің орындалуы 2.Топтардың кешенді бақылау қорытындысы 3. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жұмысының STEM технологиямен кіріктірілуі. «Мультстудияда мультфильм құрау» 4.Геймификацияның балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға әсері . 5. Әртүрлі мәселелер 6. Педагогикалық кеңес шешімі	Тәжірибе алмасу алаңы Шеберлік сынып	Қараша	Бөбекжай менгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткали ева Педагог- тәрбиешілер
--	--	--------	--

Педагогикалық кеңес № 3

Тақырыбы: «Балабақшада шығармашылық орта қалыптастыру:заттық дамытушы орта, әдіс, креатив» №2педкеңес шешімінің орындалуы. 1. «Балабақшада заттық дамытушы	Практикалық жұмыс TED X	қаңтар	Бөбекжай менгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткали ева Педагог-
--	---	--------	---

ортаның маңыздылығы» 2. I жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы. 3. «Ертегі терапиясының оқу процесінде қолдану» (баяндама) Театр балабақшада.			тәрбиешілер
Педагогикалық кеңес № 4			
Тақырыбы: «Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізудің тиімділігі» Мақсаты: Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарын дәріптеу. 1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы 2. «Еңбегі адал-жас өрен» тәрбиеші А.М.Дускарова; 3. «SMART BALA» Инновациялық жобалар арқылы құндылықтарды дамыту. Тәрбиешілер А.Султангереева. 4. Педагогикалық кеңес шешімі;	Дөңгелек үстел	Наурыз	Меңгеруші Г.С.Абдрахманова
Педагогикалық кеңес № 5			
№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі: «Жетістіктер және даму жолдары» 1) №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы. Барлық топ тәрбиешілерінің және педагог мамандардың жылдық жұмыстарының қорытынды көрсеткіші. 2) Мониторинг нәтижелері 3) Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін, жоспарды бекіту. Педагогикалық кеңес шешімі.	қорытынды	мамыр	Меңгеруші Г.С.Абдрахманова

Әдістемелік кеңестер (ӘК)

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Тәрбиенің бастауы-әділдікпен парасаттылық» 2. «Қарқынды заманда шыдамды тәрбиеші: мектепке дейінгі ұйымдағы шындықпен шешімдер» Sabaksteamhot платформасы арқылы 3. «Адал азамат» бағдарламасының жүзеге асырылуы(«Әжелер» мектебі,«Аналар» мектебі) 4. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке.	Подкаст	Қыркүйек	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Тәрбиешілер Музыка жетекшісі
2	Тақырыбы: <i>«Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды жүйелі қолдану»</i> Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу. 1.Интерактивті тақталармен мобильді қосымшаларды Бөбекжайда қолдану тәжірибесі. 2.«Flippity» платформасы арқылы педагогтер арасында топтық ойын ұйымдастыру. 3.Цифрлық құралдардың мектепке дейінгі балалар психологиясына әсері 4.Әртүрлі мәселелер.	Семинар Шеберлік сынып Талқылау	Қараша	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Тәрбиешілер

[illegible]

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру.

№	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1	Бөбекжайдың ішкі және сыртқы алаңдарын жабдықтау, жаңарту	Әкімшілік	Үнемі
2	Танымдық-зияткерлік орталығын толықтыру	Мамандар	Үнемі
3	Дәліздер мен ортақ Кеңістіктерді тиімді жабдықтау	Топ тәрбиешілері	Үнемі
4	Эксперименттік іс-әрекеттер үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету.	Топ тәрбиешілері	Үнемі
5	"Өнер орталығын көрнекі құралдармен материалдарды толықтыру.	Топ тәрбиешілері	Үнемі

Семинарлар

Семинар жетекшісі: Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева

Тыңдаушылар санаты: Бөбекжай педагогтері

№	Тақырыбы	Қатысушылар санаты	Өткізу мерзімі	Жауапшылар
1	«Балаларға экологиялық білім беруде дамытушы ойындарды қолдана отырып, креативті ойлауға жетелеу» (Дөңгелек үстел) 1. Балаларды қоршаған ортаға үйретудің тиімді әдістерімен түрлі жолдары (кеңес) 2. Қоршаған ортаның ерекшеліктері (Педагогикалық сыр-сандық) 3. «Балабақшадағы балаларға айналаны қоршаған ортамен таныстыру жолдары» (баяндама) 4. «Бізді қоршаған ортамызға қалай көмектесе аламыз?!» шеберлік сынып 5. «Балалар қоршаған ортада өз-өздерін ұстау мәдениетін қалыптастыру» презентация 6. «Қоршаған ортада ойналатын жаңа қимылды ойындар» топтамасы	Барлық топ тәрбиешілері	Желтоқсан	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Барлық тәрбиешілер
2	«Сиқырлы шығармашылық зертхана» жобасын жүзеге асыру. «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы облыстық жобасы аясында Шығармашылық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. • Тәжірибе жасау (бояулар, су, құм, ауа, жарықпен); • Модельдеу (ермексаз, қағаз, табиғи материалдармен); • Сурет салу (дәстүрлі емес әдістермен – саусақпен, тіс щеткамен, мақтамен); • Диалог және сұрақ-жауап (сын тұрғысынан ойлау); • Еркін әңгіме (бала жасағанын өзі түсіндіреді); • Музыкалық немесе әдеби шығармамен интеграциялау.	Барлық топ тәрбиешілері	Ақпан	Барлық тәрбиешілер

3	"Қарқынды заманда шыдамды тәрбиеші: мектепке дейінгі ұйымдағы шындықпен шешімдер"	Балабақша педагогтері	Сәуір	Барлық тәрбиешілер
---	---	-----------------------	-------	--------------------

Семинар-практикум

Семинар жетекшісі: Әдіскер

Сағат саны: 6 сағат

Тыңдаушылар санаты:бөбекжай педагогтері

Семинар–практикум-6сағат

Тақырыбы:«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзіреттілігі инновациялық технологиялар жағдайында дамыту»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзіреттілігін арттыру арқылы инновациялық технологияларды тиімді пайдалануына жағдай жасау және тәрбие-білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыруға ықпал ету.

№	Тақырыбы	Қатысушылар санаты	Уақыты	Жауаптылар
1	«Инновациялық технология – заманауи педагогтің құралы»	Педагогтер	Қыркүйек	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева
2	«Креативті педагог–табысты бала»	Педагогтер	Қазан	Тәрбиешілер
3	«Инновациялық технологияны (ЖИ) қолдану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізу»	Педагогтер	Қаңтар	Тәрбиешілер
	Ата-аналармен бірлескен вебинар:"Цифрлық қауіпсіздік және баланың дамуы"	Педагогтер және ата-аналар	Наурыз	Тәрбиешілер

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: жас мамандарға әдістемелік көмек беру, өздігінен ізденушілік дағдысына бағыттау, педагогикалық процесті ұйымдастыруда кәсіби білімін жетілдіру.
Әдістемелік қолдау көрсету және мотивациялық ортаны қамтамасыз ету.

№	Тақырыбы	Түрі\ мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жас мамандар тізімін нақтылау. Тәлімгерлер бекіту.	Жиын. Білімі, өтілі, қажеттіліктерін анықтау.	Қыркүйек	Әдіскер Г.К.Мухамбеткал иева
2	Жас мамандарға семинар: «Мамандығым - мақтанышым»	Семинар. МЖМБС, үлгілік бағдарлама, жылдық жоспар, күн тәртібі құжаттамаларын таныстыру, түсіндіру.	Қыркүйек	Әдіскер Г.К.Мухамбеткал иева
3	«Менің кәсіби өсуімдегі тәлімгердің көмегі»	Ашық есік күні. Тәлімгердің іс-әрекеттеріне қатысу.	Қазан-қараша	Әдіскер Г.К.Мухамбеткал иева
4	«Жүректен жүрекке, қолдаудан дамуға»	Апталық	Желтоқсан	Педагог-психолог
5	«ҰІӨ-те ойын технологиялары»	Практикалық әдістер	Қаңтар	Тәлімгерлер
6	«Болашаққа бағдар: Жас маман-2026»	сайыс	Наурыз	Тәлімгерлер
7	Тәлімгермен бірлескен жұмыс жоспарының қорытынды есебі	Перезентация	Мамыр	Әдіскер Г.К.Мухамбеткал иева тәлімгерлер
8	Мен және мен таңдаған мамандық	Тренинг	Мамыр	Педагог-психолог

Әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру

№	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
1	Барлық топтардың үіз кестелерін, күн тәртібі кестесін, жылдық жоспар құру.	Меңгеруші Г.Б.Дюсенова Әдіскер Н.К.ишангалиева	Тамыз
2	Топтардың пәндік –дамытушылық ортаны толықтыру жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруда кеңес беру.	Әдіскер А.Арышева	Қараша
3	Білім беру дағдылары бойынша ойын түрлері, ертеңгілік, ояну жаттығулары, серуен картотекаларын жинақтау бойынша кеңес беру.	Әдіскер Н.К.ишангалиева	Қаңтар
4	Педагогтердің кәсіби білімін көтеру мақсатымен курстардан өтуін қадағалау, педагогикалық кеңес отырысына, семинарларға материал дайындауға әдістемелік көмек көрсету.	Әдіскер Н.К.ишангалиева	Наурыз

Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру

№	Тақырыбы	Түрі	Уақыты	Жауапты маман
1	«Балабақша-жайлы мекен»	Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, сяхат жасау	Қыркүйек	Музыка жетекшісі, Барлық тәрбиешілер
2	Отбасы күні	Суреттер көрмесі	Қыркүйек	әдіскер педагогтер Барлық тәрбиешілер
3	«Тәртіп, талап, тәрбие» Қауіпсіздік ережелері.	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар,	Қыркүйек	Барлық тәрбиешілер
4	«Аналар, Әжелер» мектептерінің жұмысы	Мектепке дейінгі ұйымдардағы клуб	Қазан	әдіскер педагогтер
5	«Ананың аялы алақаны» Челленджі	Челлендж	Қазан	Барлық тәрбиешілер
6	«Тәрбие – тал бесіктен» шағын әдеби кеші	мәнерлеп оқу	Қазан	Әдіскер

7	«Білім - асыл қазына тәрбие тал бесіктен» іс-әрекеті	Танымдық шара	Қазан	Топ тәрбиешілері
	«Мен Отаныммен мақтанамын!» «Менің елім-Мәңгілік ел!»	Мерекелік іс-шара ЭССЕ (педагогтермен)	Қазан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
	«Өзгеріс ойдан басталады» «Даналық ұстаздан»	Тәлімгерлерге (жас мамандарға)	Қазан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
8	«Күзгі асар» жәрмеңкесі «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы	Мерекелік шара, жәрмеңке, акция	Қазан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
9	«Қауіпсіз қоғам» бейнеролик қарау «Балаларды қорғау күні» акциясы «Өмірге салауатты қадам» «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет (педагогтер мен ата-аналарды тарту)	Сюжетті-рөлдік, драмалау, зияткерлік ойындары, бейнеролик тамашалау, ата-аналарға арналған ұсынымдар әзірлеу, танымдық кештер	Қараша	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
10	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны Жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту.	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Қараша	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
11	«Қоғамдық мүлікті қорға» «Менің құқықтарым–менің міндеттерім»	Өңгімелесу, ата-аналармен дөңгелек үстел, мектепалды жастағы балалармен сұхбат	Қараша	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
12	«Адалдық алаңы» «Адалдық пен әділдік» «Мейірімділік-менің әлемім» «Достық және мен»	Мультфильм қарау. Өңгіме сабақ. Сахналық қойылым. Танымдық ойын	Қараша	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

13	«Тәуелсіздік –ел тілегі» «Тапқыр болсаң озып көр».	Мәнерлеп оқу байқауы. Интеллектуалдық ойын	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшілері
10	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата- аналардың арасында)	Зияткерлік ойындар	Желтосан	Барлық топ Музыка жетекшісі,
11	«Ұлт бірлігі–ұлы байлық» «Біз біргеміз» «Бірлік және ынтымақ»	Викторина Тренинг Әңгімелесу, Танымдық іс- шаралар	Желтосан	Барлық топ Музыка жетекшісі,
12	«Жаңа жыл»	Ертеңгілік	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
13	«Ұшқыр ойалаңы» «Заң және тәртіп» «Балабақшамен үйдегі қауіпсіздік» Сенімді ересектер: кімнен көмек сұауға болады?	Зияткерлік ойын. Рөлдік ойын Ұйымдасырылған с- әрекеттер	Қаңтар	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
14	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек, мектепалды жастағы балалар үшін) «Заң және бала құқығын қорғау» (ата-аналармен сұхбаттасу)	Әңгімелесу, дөңгелек үстел	Қаңтар	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
15	«Біз- экологпыз» «Қауіпсіз серуен» «Табиғаттағы қауіпсіздік»	Танымдық, эксперименталдық іс- әрекет Экскурсиялар, саяхаттар	Қаңтар	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
16	«Тәртіп, талап, тәрбие» Қауіпсіздік ережелері. (Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау, жол белгілерімен таныстыру)	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар, ҰІӨ өткізу, әңгімелесу, танымдық- тәрбиелік бейнероликтер тамашалау	Қаңтар	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
